

ҚМГ АҚ-ның коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу бойынша қабылдап жатқан шаралары туралы

«Ембімұнайгаз» АҚ: басымдық өндіріс еңбеккерлеріне беріледі

Мұнайшы әйелдер «династиясы» немесе мамандыққа адалдық

Наурыз келді күн игі!

2

3

6

8

# Ембі ТЫНЫСЫ

№ 6 (46),  
наурыз  
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

*Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.*

## Құриетті елбиліктер!

*Халқымыз бұл мерекені жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Ұлтымыздың мерейін өсіріп, болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесін барша мұсылман қауымы ерекше дайындықпен қарсы алады.*



Ғасырға жуық шежіресі бар «Ембімұнайгаз» АҚ – терең тарихын бағалауды, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін сақтауды ерекше назарда ұстаған отандық компания. Осы орайда ембілік мұнайшылар да ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында жыл сайын береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың мерекесін ерекше көңіл-күймен қарсы алуда.

Еліміздің мұнай-газ секторының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» АҚ-да қолға алынған жобалардың бүгінде оң нәтижеге жетуінде әрқайсысыңыздың өзіндік үлесіңіз бар.

Ембі өндірісін өркендетуге, мұнайшылардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асырудағы қажырлы қызметіңізге алғыс айта отырып, деніңізге саулық, шаңырағыңызға құт-береке тілеймін.

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!



*Игі тілекпен,  
Есен ҚАЙЫРЖАН,  
Басқарма төрағасы*





## Қазақстан Президенті ҚМГ АҚ Басқарма төрағасын қабылдады

Жуырда Ақордада ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына ұлттық мұнай-газ компаниясының 2019 жылғы жұмыстарының қорытындылары және алдағы кезеге арналған даму жоспарлары жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалар, әлемнің көптеген еліне коронавирус індетінің таралуына байланысты компанияның қабылдаған шаралары туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар, компанияда қызметкерлердің шетелдік іссапарларына шектеу қойылып, өндіріс орындары мен офистерде алдын алу шаралары қабылданған.

Мемлекет басшысы вирустың өндіріс үдерісіне және инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына кері әсерін азайту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. **Е**

[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)



## ҚМГ АҚ-ның коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу бойынша қабылдап жатқан шаралары туралы

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ елдегі төтенше жағдай тәртібін ескере отырып және өз қызметкерлері мен барлық мүдделі тараптары алдындағы жауапкершілігін терең түсініп, сондай-ақ ашықтық пен айқындық қағидаттарын басшылыққа алып, Компанияда коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу бойынша шаралар кешенін қабылдағаны туралы хабарлайды.

Бірінші кезекте жұртшылыққа Компанияның орталық аппаратының екі қызметкері коронавирустық инфекцияны жұқтыруы мүмкін деген күдік болғанын хабарлауды жөн көрдік. Қызметкерлердің біреуі Франкфурттен Нұр-Сұлтан қаласына келген рейсте коронавирустық инфекцияны жұқтырған науқаспен бірге бір ұшақта болды. Екінші қызметкер Нұр-Сұлтан қаласынан Алматы қаласына дейін осы ұшақпен ұшып барған болатын. Қызметкерлер алгоритмге сәйкес COVID-19 бар-жоқтығын анықтау үшін тест тапсырды, оның нәтижелері теріс болып шықты. «Қазақстан Республикасында да коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу

бойынша қосымша шаралар енгізу туралы» Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Жандарбек Бекшиннің қаулысына сәйкес аталған қызметкерлер «ықтимал байланыс» санатына жатқызылды. Қазіргі уақытта олар үйдегі карантинге орналастырылды.

Сонымен бірге, ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлерінің қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету бойынша ауқымды шаралар қабылданып жатқанын хабарлаймыз:

- офистік және өндірістік ғимараттарда дезинфекция жұмыстары жүргізілуде. Қызметкерлер арасында жеке гигиенаны сақтау шаралары туралы түсіндіру жұмыстары өткізілуде;
- ҚМГ компаниялары тобы бойынша қызметкерлердің Қазақстан аумағында, сондай-ақ шетелге іссапарлардың барлығына тыйым салынды;
- барлық көпшілік іс-шаралар тоқтатылды;
- өндірісте адамдар көп жиналатын жерлерде дезинфекция жүргізу, сондай-ақ қызметкерлердің дене қызуын өлшеу бойынша барлық қажетті шаралар қабылдануда;

– әкімшілік қызметкерлердің кемінде 50% қашықтықтан жұмыс істеу тәртібіне ауысуда;

– орталық аппарат пен барлық еншілес ұйымдарда арнайы жедел штабтар құрылды.

ҚМГ үшін қызметкерлердің қауіпсіздігі және үздіксіз өндірістік қызметті қамтамасыз ету ерекше басымдыққа ие екенін атап өтеміз.

2020 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша коронавирустық инфекцияға шалдыққан қызметкерлер анықталмады. ҚМГ-ның барлық кәсіпорындары қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр.

Бұдан басқа, мұнай мен газ өндіру, тасымалдау және мұнай өңдеу зауыттарындағы жұмыс қалыпты жағдайда жүзеге асырылып жатқанын хабарлаймыз. Мұнай өнімдерінің тапшылығы байқалмайды.

Компания осы мәселелерге байланысты барлық өзгерістер туралы жұртшылықты уақытылы хабардар етіп отыруға ниетті. **Е**

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

### Аймақ жаңалығы

## Атырауда бұрғылау бойынша мамандар даярлайтын оқу орталығы ашылды

2020 жылғы 4-наурызда Атырауда бұрғылау технологиясы оқу орталығының ашылу салтанаты өтті. Қазақстандық бұрғылаушыларға арналған Қазақстандағы алғашқы салалық мекеме Қазақстан-Британ техникалық университеті (бұдан әрі – ҚБТУ), АҚШ-тың ең ірі сервистік компаниясы Baker Hughes және отандық бұрғылау операторы KazPetroDrilling арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында пайда болды. Ашылу салтанатына «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның ресми өкілі ретінде «Ембімұнай-газ» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан қатысты.

Жаңа орталық – жобаны жүзеге асыру мақсатында бұрғылау жөніндегі мамандардың бірінші топтарын дайындау үшін заманауи ғимарат KazPetroDrilling өндірістік базасының аумағында Бірлік ауылында ашылды. Ғимараттың ашылу барысында бірнеше рет атап өтілгендей, жоба үш тараптың – мұнай-газ саласында кәсіби кадрларды даярлайтын беделді оқу орны, батыс компаниясының халықаралық тәжірибесі және отандық бизнестің тәжірибесі арқасында жүзеге асты. Жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика салалары үшін бұрғылау саласындағы ұлттық кадрлық әлеуетті дамыту үшін негіз құру.

ҚБТУ ректоры Кенжебек ИБРАШЕВТИҢ айтуынша, IWCF (International Well Control Forum) аккредитациясынан өткен оқу орталығы DrillSim-20 тренажерімен, DrillSim-5000 бұрғылау қондырғыларының толық тренажерлерімен және бұрғылау жабдықтарының арнайы үлгілерімен жабдықталған, бұл отандық мұнай және газ саласына бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

– Осы жоғары технологиялық жабдықтың негізінде ха-



лықаралық стандарттарға сәйкес үздіксіз білім беру курстарының толық пакетін ұсынуға және осы жерден халықаралық сертификат алуға мүмкіндігіміз бар. Бұл қызметтер мұнайлы-газды аймақтағы тапсырыс берушілер арқылы көрсетілетіні өте маңызды, – деді К.Ибрашев.

Ашылған оқу орталығында оқыту 20 жылдан астам уақыттан бері Қарашығанақ, Теңіз, Ембі, Чинарев кен орындарының және т.б. жобалары бойынша Қазақстанда технологиялық қызмет көрсететін Бейкер Хьюздің білім беру бағдарламалары бойынша бұрғылау технологиясының тоғыз бағыты бойынша жүргізілетін болады. Бұл компания өкілі Мейіржан Шералиевтің айтуынша, орталықты заманауи бағдарлама-

лармен және түрлі симуляторлармен жабдықтау халықаралық деңгейдегі мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

– Орталық базасында «Бұрғылау», «Бұрғылау және айдау сұйықтығы», «Көлбеу бұрғылау», «Бұрғылау кезіндегі геофизикалық зерттеулер», «Цементтеу және айдау», «Бұрғылау қашаулары» және т.б. бірегей бағдарламаларын ұсынамыз. Қазіргі таңда оқу орталығында алғашқы 75 маман дайындықтан өтті. Атап айтсақ, бұл бастаманың өзектілігін дәлелдейтін тәжірибелік нәтижелер барына қуаныштымыз, өйткені, Қазақстанда көлбеу бағытындағы бұрғылау артып келеді, – деп атап өтті М.Шералиев.

– Бүгінгі таңда біз білім беру мекемесі мен 2 ірі өндірістік компаниялардың бірігуімен орын алған ерекше оқиғаның куәсі болып отырмыз, – деді «КазПетроДриллинг» АҚ президенті Асхат ДҮЙСАЛИЕВ. – Біз үшін, 5000 қызметкері бар операциялық компания ретінде, әр маман үшін компанияда жасалынған құзіреттілік матрицалары аясында біліктіліктерін тұрақты түрде жоғарылатып отыру мүмкіндігі өте маңызды. Сондықтан, оқу орталығының базасында өндірістік кадрларды дайындаумен қатар, жергілікті жерде оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу үшін біз өз кезегімізде холдингіміздің ішкі тренерлерін де дайындаймыз.

Баспасөз конференциясы барысында Қазақстандағы көлбеу бағытындағы бұрғылау және горизонталды бұрғылаудың өсу динамикасы туралы сұрақ қойылды. А.Дүйсалиевтің айтуынша, қазіргі уақытта қазақстандық мұнай компанияларында горизонталды бұрғылау үлесі 10-13%-ды құрайды, бірақ, бұл көрсеткіш үнемі өсіп келеді және жақын уақытта айтарлықтай өсуі мүмкін. **Е**



# «Ембімұнайгаз» АҚ: басымдық өндіріс еңбеккерлеріне беріледі

Еліміздің мұнай-газ секторының бастауында тұрған мұнайлы Ембіге жаңа басшы тағайындалды. Мұнайлы өңір – Мақаттың тумасы, мұнай-газ саласында үлкен еңбек етілі бар Қайыржан Есен Қайыржанұлы ағымдағы жылдың қаңтар айында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

Есен Қайыржанұлымен сұхбатымыз Компанияның алда тұрған міндеттерін орындау барысында еңбек адамына берілетін басымдық және өткен жылдың қорытындысы турасында өрбиді.

**– Есен Қайыржанұлы, сіз ұзақ жылдар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты бірнеше кәсіпорындарды басқардыңыз. «Ембімұнайгаз» АҚ-ғы қызметіңізде қандай міндеттерге басымдық берер едіңіз?**

– Біздің алдымызда тұрған міндет Компанияның құндылықтарында жақсы көрсетілген: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акционерлері үшін мұнай-газ өндіру барысында тиімділікті және өзінің жұмысшылары үшін тұрақтылықты қамтамасыз ету. Біз үшін өткен жылдың ерекшелігі – Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойына арналуы. Бұл шараға ембілік мұнайшылар жақсы дайындықпен келіп, мұнай өндіру жоспарын артығымен орындады. 2019 жылы 2 млн 899 мың 693 тонна мұнай (жоспардан тыс 4 мың 693 тонна) және 260 млн 173 мың 367 текше метр газ өндірілді. Жылдық жоспарға сай техникалық-ұйымдастыру шаралары нәтижелі жүзеге асты. 2019 жылдың қорытындысы бойынша жөндеуаралық кезең жоспардағы 305 күннен 331 күнге дейін ұзарды. Компания 2012-2019 жылдар аралығында еліміздің және Атырау облысының бюджетіне 1 триллион 90 млрд. теңге аударған, оның 194,9 млрд. теңгесі – 2019 жылдың есебіндегі төлем. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 49,2 млрд теңгеге жоғары.

Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау компания үшін өзекті саналады, бұл «ҚМГ» ҰК» АҚ корпоративтік құндылықтарының аясында жүзеге асып отыр. Осы бағытта компания екі жыл қатарынан өндірісте адам шығынысыз нөлдік көрсеткішті сақтады. Өткен жылы қызметкерлердің жарақаттануы бойынша 5 оқиға орын алып, тіркелген факторларды жою, жарақат алудың алдын алу мақсатында жұмыстар қолға алынды.

Өндіріс басшыларымен бірге кәсіподақ ұйымының өкілдері құрамына енген өндірістік кеңестің құрылуы осы маңызды міндеттерді жүзеге асырудың тетігі болады деп ойлаймын. Кеңестің қызметі мұнайшылардың еңбек қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларға қоғамдық бақылауды күшейту, өндірістік жазатайым оқиғалардың алдын алу болып табылады.

Прорва кен алаңындағы ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосу арқылы компания ілеспе газды жағу көлемін айтарлықтай азайтты. Тарихи ластанған жерлерді жою бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынды. 2016 жылдан бастап күні бүгінге дейін 136,43 га жерден 78 га аумағына дейін қысқарды, тарихи қалдықтар көлемі – 595 339 тоннадан 371 120 тоннаға дейін азайды.

Су ресурстарын ұтымды пайдалану, кен алаңдарын көгалдандыру мен өндіріс қалдықтарын жою ұсыныстары енгізілуде. 2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Ресейдің Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) және КРЕОН тобы ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен, БҰҰ-ның Орталық Азиядағы қоршаған орта жөніндегі Бағдарламасы-

ның (UNEP-CA) қолдауымен жүргізілген Қазақстандағы экологиялық жауапкершілігі бойынша мұнай-газ саласындағы компанияларының рейтингісі жарияланған жобада үшінші орынды иеленді.

**– Соңғы уақыттарда «Ембімұнайгаз» АҚ-да геологиялық барлау шаралары белсенді жүргізілуде. Осы бағыттағы қол жеткізген табыстар туралы айта кетсеңіз?**

– «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның және біздің компанияның даму тұжырымдамаларында көрсетілген міндеттердің аясында ресурстық базаны толықтыру және барлау учаскелері мен қолданыстағы кен орындарында геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде. 2019 жылы пайдалы қазбалар қоры жөніндегі ҚР Мемлекеттік комиссиясы С.Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмұхамбетов, Ботахан мен жаңадан ашылған Батыс Қарасор кен алаңдарының қосымша баланс қорын қайта бекітті. Осының нәтижесінде өткен жылдың қорытындысы бойынша 01.01.2020 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қалдық қоры 86,2 млн тоннаны құрап отыр. 2019 жылдың 1-қаңтарында бұл көрсеткіш 74,3 млн тоннаны құраған.

Қызылқоға ауданында 5 600 шаршы шақырымды құрайтын Тайсойған блогында жүргізілген ауқымды далалық сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды.

Бүгінгі таңда іздестіру-барлау бұрғылау үшін дайындалған перспективалық құрылымдардың қорытындысы бойынша 3Д МОГТ мәліметтерін өңдеу және интерпретациялау жүргізілуде. Компания мұнайдың қалдық қорын игеру үшін жаңа технологияны, соның бірі – тік ұңғымалармен салыстырғанда тиімділігі неғұрлым жоғары горизонталды бұрғылау әдісін енгізіп отыр. 2019 жылы Ембіде 5 ұңғыма горизонталды бұрғыланды. Бүгінгі таңда олардың 4-уі пайдаланылуда, олардың нәтижесі жақсы, ал, 1-уі – сынақ мерзімінде. Алдағы уақытта компания 300 метрге дейінгі тік тереңдіктегі тұтқырлығы жоғары ұңғымаларға көлденең бұрғылауды жоспарлап отыр. Жыл сайын горизонталды бұрғылау үлесін көбейтпекшіміз.

**– Ұлттық компанияның жүзеге асырып жатқан «Сандық трансформация» бағдарламасының шеңберінде Ембі кен алаңдарында бірнеше жыл қатарынан «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы іске асуда. Аталмыш жобаның бүгінгі таңдағы нәтижесі қандай?**

– «Сандық Қазақстан» пилоттық жобасынан кейін жасалған талдаудың негізінде «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Уаз кен алаңында жол картасы бекітілді. Осы құжаттың негізінде аталмыш жоба бүгінгі таңда «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңында (2017 ж.), «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Жаңаталап кен алаңында және «Дос-сормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кенішінде (2018 ж.) таратылуда.

Жүйені таратудың I кезеңі бойынша «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Шығыс Молдабек кен алаңында жұмыстар жүргізіліп (2019 ж.), ағымдағы жылда бұл жүйенің 2 кезеңі осы кеніште жалғасуда. Осы технологияның енгізілуінен кейін ұңғыма жабдықтарын оңтайландырудың есебінен жөндеуаралық кезеңді көбейту көрсеткіші 23 пайызға, электр энергиясын үнемдеу 30 пайызға жақсарды. Өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау шараларының деңгейі көтерілді.

Компания құндылықтарының аясындағы мақсатты шаралардың нәтижесінде ЕМГ 2023 жылы тиімді кен алаңдарындағы



цифрландыру бағытындағы жұмыстарды аяқтауды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын кеңейту мақсатында халықаралық мұнай-газ компанияларында қолға алынып жатқан жобаларды және жаңа IT- шешімдерді зерделеу жұмыстары жалғасады.

**– Ұлттық компанияның ең ірі өндірістік активі саналатындықтан, кәсіпорының отандық бизнесті дамытуға ықпалы зор.**

– Иә, әлеуметтік-жауапкершілігі мол жер қойнауын пайдаланушы компания ретінде ЕМГ отандық тауар өндірушілер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қазақстандық ұйымдарды қамқорлыққа алып келеді. Бүгінгі таңда ЕМГ жеке кәсіпкерлерден бастап ірі отандық зауыттарға дейін, 500-ден астам қазақстандық компаниялармен әріптестік байланыс орнатқан. 2020 жылғы 1-қаңтардағы есеппен тауарларды сатып алу, жұмыс пен қызмет көрсету бойынша жергілікті қамту үлесі: тауарда – 48%, жұмыста – 97%, қызметте – 98% қамтып отыр.

Сатып алу процестері бойынша шарттар жасасу zakur.sk.kz сайтындағы «Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі Ережелерінің шеңберінде электрондық форматта өтеді. Компанияның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі жоспары мен барлық ақпараттар корпоративтік сайтта – emba.kz. жарияланады. Шараға барлық ынта білдірушілер – Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері қатыса алады.

«Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы Ережесінің 17-тармағына сай отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында холдингтің тауар өндірушілері үшін шартты жеңілдіктер және шарттар жасасу кезінде 30% мөлшерінде аванс төлеу қарастырылған. Үздіксіз және тиімді өндірістік қызметті қамтамасыз ету мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері отандық тауар өндірушілердің жабдықтарына зауыттық және зертханалық сынақ жасау шарасына қатыса алады. Әріптестіктің осындай форматы сатып алу шараларына сапалы тауар ұсынатын адал тауар өндірушілердің қатысуын қамтамасыз етеді.

Тиімді диалог құру үшін кәсіпкерлермен, отандық тауар өндірушілермен тұрақты түрде кездесулер өткізіледі.

**– Есен Қайыржанұлы, сіз жетекшілік ететін тарихи маңызы зор кәсіпорын-**

**ның ұжымы жұртшылықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту шараларына белсенді қатысуларымен де ерекшеленеді.**

– Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар негізінде жыл сайынғы әлеуметтік-жауапкершілік міндеттемелерді жүзеге асырудан басқа, Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай майталман мұнайшы Сафи Өтебаевтың ескерткіші орнатылып, Атырау мұнай-газ университетінің балансына берілді. Қазақ мұнайының бастауы саналатын – Қарашұңгіл кен орнындағы алғашқы ұңғыма қайтадан өңдеуден өтті.

Сонымен қатар, 2019 жылы компания ұжымы өздерінің бір күндік жалақылары есебінен Атырау облысындағы 5 ауданның көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған 8 отбасына баспана тарту етті.

2015 жылы Атырау облысы мен Шығыс Қазақстан облысындағы барлығы 21 қазақстандық жанұя баспанамен қамтылды. Бұдан өзге, өткен жылы ембілік мұнайшылар «Арыс.Біз біргеміз!» республикалық акциясына белсенділікпен қатысты. Мұнайшылардың жалақылары есебінен жиналған қаражатқа Арыс қаласындағы жарылыстан зардап шеккен 16 мектептің 400-ден астам оқушысына мектептік киім-кешек алынды. Балалар аз қамтылған көп балалы отбасыларынан. Сонымен қатар, Атырау облысындағы әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларының 70-ке тарта баласы мектептік формамен, аяқ киіммен толықтай қамтылды.

Компанияда дәстүрлі түрде қайырымдылық шаралары өтіп тұрады. 2019 жылы ЕМГ ұжымы Атырау облысындағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған жанұялардың 200-ден астам баласына жаңажылдық сыйлық тарту етті. Кейіннен бұл бастама барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде жалғасты.

**– Осы жылдағы негізгі міндеттерге тоқтала кетсеңіз?**

– 2020 жылы Компания ұжымы алдында өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, өндірістік көрсеткіштерді орындау міндеті тұр.

Алайда, басты басымдылық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде еңбек етіп жатқан мамандардың қауіпсіз ортада еңбек етіп, олардың демалыс уақыттарын тиімді ұйымдастыру бойынша туындаған мәселелерді дереу шешуге беріледі.

**– Сұхбатыңызға рахмет! [1]**



## Береке мен бірліктің мейрамы



Сурет Компания мұрағатынан алынды

14 наурыз – Көрісу мейрамы. Қазақстанның батыс аймағына берік орныққан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден-бір салт болып саналады. Береке мен бірліктің мейрамы – Көрісу мерекесіне орай «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Каспий Самалы №1, 2-ші, Досмұхамбетов, Батыс Прорва, Терең-Өзек, Ақинген, Қисымбай, Аққұдық, Қаратон, Құлсары асханаларында түскі ас мәзіріне ұлттық тағамдар ұсынылып, мерекелік дастархан жайылды.

Сонымен қатар «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не қарасты кен орындарының 8 асханасында да түскі ас дастарханы жайылып, жұмысшыларға Наурыз көже мен бауырсақтар ұсынылды. [Е](#)

## Пайдалы кеңес

### Тиімді уақыт өткізу: үздік білім беру ресурстарының тізімі

Еліміздегі коронавирустың кең таралуын тоқтату мақсатында Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантин режимі енгізілді. Жұмысшылардың көп бөлігі онлайн жұмыс жасауға, студенттер қашықтықтан оқу әдісіне көшсе, мектеп оқушылары каникулға шықты. Осы берілген уақытты қалайша тиімді өткізуге болады?! Біз сіздермен пайдалы ақпаратпен бөліспекшіміз. Ендеше, Өзіңізді дамытып қана қоймай, балаларыңызға да пайдалы ақпаратты беретін мобильді қосымшалар мен интернет алаңдарының тізімін сақтап алыңыз:

**iMektep.kz** – Қазақстанның жетекші әдіскерлері мен мұғалімдері әзірлеген бастауыш мектеп бағдарламасының толық курсы.  
**Bilimland.kz** – электронды оқыту саласындағы әлемдік көшбасшылардың жетістіктеріне негізделген білім алаңы.  
**Twig-bilim.kz** – химия, физика, биология, ғылым, математика және география пәндерінен мектеп бағдарламасының негізінде жасалған қолжетімді халықаралық онлайн сервис.  
**Zhastar.org** – Оқушылардың өмірлік, әлеуметтік дағдылары мен психологиялық саулығын дамытуға арналған ата-аналарға, мұғалімдер мен балаларға арналған онлайн платформа.  
**Kitap.kz** (Қазақстан ашық кітапханасы) – қазақ әдебиетінің ең үлкен тегін онлайн кітапханасы.  
**Audiokitap.kz** – бұл қазақ көркем әдебиетінің тегін 1500-ден астам аудио кітабы мен 400 аудио ертегісі орналастырылған мобильдік қосымша.  
**Openu.kz** (Қазақстанның ашық университеті) – бұл алдыңғы қатарлы университеттер мен оқытушылардың онлайн курстарына кіруге мүмкіндік беретін онлайн білім беру платформасы. Мұнда гуманитарлық, инженерлік және бизнес мамандықтары бойынша 170-тен астам курс бар.  
**Khanacademy.org** – мектепте білім алуға арналған ақысыз платформа.  
**MIT OpenCourseWare** – инженерлік және IT мамандықтары бойынша MIT университетінің оқу материалдары.  
**TED-Ed** – білім беру қажеттіліктері үшін және сұрақтармен, тесттермен ұйымдастырылған TED баяндамалары.  
**National Geographic Kids** – бұл кішкентай бүлдіршіндерге бағытталған танымал National Geographic Kids мазмұны. [Е](#)

## Жылыойдың үздік цехы

*«Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру департаментімен ағымдағы ұңғыларды жөндеу жұмыстарының нормативіне сараптама жұмыстары жүргізілген болатын. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсары және Прорва бөлімшелері арасында ұңғыларды жөндеу бойынша 8 айлық жұмысын сараптап келіп, нормативке сай сапалы жұмыс жасалуына орай Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехы үздік деп танылды.*

Бүгінде Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехында 57 қызметкер еңбек етеді. Аталған цехтағы ең соңғы рет тіркелген өндірістегі қауіпсіздік ережесін бұзу оқиғасы 20 жыл бұрын орын алған. Содан бері аталған цехта ешқандай қауіпсіздік ережесін бұзу оқиғасы тіркелмеген.

Орталық инженерлік-технологиялық қызметі басшыларының жасаған талдауы бойынша аталған цех нарядтық жүйеге негізделген нормативтен жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отыр.

Осындай жетістіктерді ескеріп, «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғабатолла Шанаев цех басшыларына және ұжым мүшелеріне Қазақстанда байтақ еліміздің жарқын болашағы, кемел келешегі үшін жасап жатқан ерен еңбектері үшін толағай табыс, асқақ абырой тілеп, өндіріс орнына арнайы барып құттықтап, ұжымның тыныс – тіршілігімен танысып қайтты.

Жиырма жыл қатарынан қауіпсіздік ережесін қатаң бақылауға алған үздік цех жұмыскерлерімен кездесуге аталмыш басқарманың

басшысымен бірге кәсіподақ ұйымы төрағасы Сырымбек Сарсембаев басқарма бойынша 2019 жылдың қорытындысы негізінде мұнай өндіру жоспарының уақытында орындалуына зор үлесін қосып, өз міндеттеріне аса үлкен жауапкершілікпен қарап, жұмыс уақытын тиімді пайдаланып, өндірістегі еңбек қауіпсіздігін сақтауда жоғары көрсеткіштерге ұйымшылдықпен қол жеткізген аталған цехты «Құрмет грамотасы» және арнайы кубокпен марапаттады. Сонымен қатар, кәсіподақ ұйымы тарапынан еңбек озаттары ретінде көзге түскен ұжымдағы кәсіподақ белсенділерін қолдау мақсатында ынталандыру сыйлығы да табысталды.

Жалпы, аталмыш басқарма қарасты мұнай өндіру, мұнай дайындау, жерасты ұңғыларды жөндеу, арнаулы техникалық керуені, өндірістік құралдарды жөндеу, өндіріске қызмет көрсету, жылумен-сумен қамтамасыз ету, ұңғыларды зерттеу цехтары бар. Мұндай игі бастама аталған өзге де цехтар арасында салыстырмалы түрде бағаланып отыратындығын да жеткізді «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғ.Шанаев. [Е](#)



## Ембінің мақтанышы

### Чемпиондық белбеу – Исатайда



29 ақпан күні Атырау қаласында аралас жекпе-жектен (MMA) NFC-23 халықаралық турнирі өтті. Аталған байрақты бөсекеде қазақстандық кәсіби спортшылар 11 жекпе-жек өткізіп, оның ішінде бесеуі атыраулық спортшылар болды.

77 келі салмақта сынға түскен «Ембімұнайгаз» АҚ қауіпсіздік қызметі және мобилиза-

циялық жұмыстар қызметінің аға маманы Исатай Теміров пен ресейлік GFC чемпионы Максим Труновтың кездесуі турнирдің басты додасы саналды. Октагонда Исатай айқын басымдық көрсетіп, жекпе-жектің екінші раундында қарсыласын терең нокаутқа жіберіп, «NFC» чемпион белдеуін иеленді.

Айта кетейік, Исатай отандық мұнай-газ өндіру саласындағы қызметімен қатар, аралас жекпе-жектен еліміздің намысын абыроймен қорғап жүрген кәсіпқой спортшы. Ол 2018 жылғы Елорданың 20 жылдығына арналған «Battle of nomads-X» халықаралық турнирінде және 2019 жылғы маусымда өткен M-1 Challenge 102, 105 халықаралық турнирлерінде жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, өткен жылы Атырау қаласында ұлттық спорт жекпе-жектен Қазақстан чемпионатында ел намысын абыроймен қорғаған Исатай Теміров қостанайлық қарсыласын бірінші раундта-ақ нокаутқа жіберді.

Өріптесімізді кезекті жеңісімен құттықтаймыз! [Е](#)



# Ембілік ардагер Орақ Деңгелбаев: «Зейнеткерлікте хоббиіммен айналасып жүрмін»

*Ембілік ардагер мұнайшы, өлкетанушы, Мақат ауданының Құрметті азаматы Орақ Деңгелбаевтың еңбек жолы көпке үлгі. Терең білімі, бай тәжірибесі, мақсаткерлігі және еңбексүйгіштігімен ізбасарларының құрметіне ие болған ақсақал бүгінде сексен жасқа қарай аяқ басса да, кейінгі ұрпаққа мұра қалдыру мақсатында тарихты зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді.*

Орақ Ерғалиұлы 1943 жылы Мақат кәсіпшілігінде мұнайшының отбасында дүниеге келген. Өкесі Ерғали – Тайсойған жерінің тумасы, Доссор, Мақат кәсіпшіліктерінде құрылыс жұмысшысы, механикалық шеберханада жөндеуші, балғашы болып еңбек етіп, 1956 жылы Мұнайлы кәсіпшілігінде жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан.

Өке жолын қуған Орақ Деңгелбаев еңбек жолын 1960 жылы Мақат кәсіпшілігінің ұңғымаларды зерттеу бригадасында бастаған. Өскер қатарынан оралған соң, саладағы жұмысын жалғастырып, электр монтері-жөндеуші болып еңбек етті. 1967 жылы жас коммунист О.Деңгелбаев Мақат мұнай кәсіпшілігі бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып сайланып, бұл қызметті 1974 жылы ақпан айына дейін атқарған.

Кейін бірнеше жыл теміржол саласында, аудандық атқару комитеті бөлімдерінің меңгерушісі, жауапты хатшысы лауазымдарында болды. 1994 жылы 1-ші шақырылған аудандық мәслихат хатшысы болып сайланды.

Ал, 2000 жылы «Мақатмұнайгаз» басқармасына инженер болып, «қара алтын» өндіру саласына кері оралады. Жалпы еңбек жылдары Мақат аудандық кеңесінің, Мақат аудандық мәслихатының депутаты, аудандық комсомол комитетінің Пленум және бюро мүшесі, аталған басқарма парткомының мүшесі болды. Қазіргі таңда ауданның мұнай басқармасы ұжымының қоғамдық өміріне белсене араласып жүр.

– Соғыстан кейінгі жылдары мұнай өндірілгенімен, жұмысшылардың жағдайы бірден түзеліп кете қойған жоқ. Тек 1959-1970 жылдары мұнайшыларға арналған тұрғын үйлер салына бастады. Сөйтіп, жағдай біртіндеп реттеле бастады. Қазір мұнай-газ саласының аймақтың экономикалық-әлеуметтік дамуына қосып жатқан үлесімен қатар, ардагерлерге көрсетіліп жатқан



де қамқорлықты сезініп отырмыз, – дейді ардагер бізбен әңгімесінде.

Орақ Ерғалиұлы соңғы 10 жылдан астам уақыт бойы шығармашылықпен, зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Аудан кәсіпшіліктерінің тарихын, атақты мұнайшылардың еңбек жолдарын, Ұлы Отан соғысына қатысқан және майданда қаза болған жауынгерлердің жорық жолдарын зерттеген материалдары аудандық «Мұнайшы», «Мақат тынысы» газеттеріне жиі жарияланып тұрады. Осындай зерттеулер барысында ұрыс даласында қаза болған екі жауынгердің жерленген жері анықталып, ұрпақтары әкелері басына барып, төу етіп келді. «Хабар-ошарсыз кетті» делініп келген

доссорлық жауынгер Базарбай Дүтбаевтың қаза болғаны және жерленген жері анықталып, бұл дерек жауынгердің ұлы Серго Базарбайұлына хабардар етілді. Ардагердің іздестіру жұмыстарының нәтижесінен мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

– Менің туып-өскен жерім – Мақат. Осы өңірден басқа ешбір жерге қоныс аудармадым. Сондықтан, зейнеткерлік жасқа шыққан соң, көп ойланып, ауданның тарихын зерттеу жұмыстарымен айналысуды бастадым. Хоббиім десе де болады. Осы бағытта Атырау облыстық, Атырау қалалық, Мақат аудандық архивтерінде болып, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстық архивтерімен, Алматыдағы республикалық кітапханамен де тығыз байланыс орнаттым. Мұрағаттарда тың деректер көп. Бұрын айтылмай, жазылмай жүрген ақпараттар жетерлік. Алайда, өкінішке орай, баратын адам жоқтың қасы. Кітаптардың да аз таралыммен шығуына байланысты, кітапханаларда да кей кітаптар табылмай жатады. Кейде ауыл жастары маған үйге келіп, естелік әңгімелерді тыңдайды, шағын кітапханамдағы кітаптарды оқиды, – дейді ардагер Орақ Деңгелбаев.

Ардагердің тарихты зерттеу бағытындағы он жылдан астам еңбегі нәтижесіз емес. Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Сөнбейді Жеңіс алауы», Доссор мұнайының 10 жылдығына орай жарық көрген «Атамұнай», Мақат локомотив депосы туралы «Тасымалда жарты ғасыр», Мақат ауданының 95 жылдығына орай шыққан Мұнайлы елім – ертеңім, шырайлы жерім – желкенім кітаптары авторларының бірі. Ал, 2014 жылы ауданның біртуар азаматтарының бірі М.Сатқановтың өмірі туралы деректі повесть – «Ғибратты ғұмыр» кітабын «Атамен» баспасынан шығарды. **Е**

## Қарияларымыз – қазынамыз



«Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» деген қанатты сөз бар. Бәріміз білетін және жиі айтатын бұл сөз – халқымыздың қадірлі ұғымының бірі. Жалпы, қанатты қағидалар жай әншейін айтыла салмайды. Өмірден көрген түйін, тұрмыстан көрген тәжірибе бағалы сөздің салмағын санаға салады. «Ембімұнайгаз» АҚ қарасты барлық басқармаларда «Ардагерлер кеңесі» құрылған. Солардың бірі – «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ – да.

Құрамында 675 ардагері бар «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ардагерлер кеңесінде республикалық дәрежедегі зейнеткерлер, ауданның құрметті азаматтарымен қатар, алтын, күміс алқа иеленген аналарда бар екен. Кеңеске қарасты ардагерлер тек басқармаға қатысты жұмыстармен ғана емес, барлық облыс, аудан деңгейінде өтетін әр түрлі шараларға белсене атсалысып отырады. Әр түрлі ұйымдастырылып отыратын спорттық,

мәдени және бұқаралық шаралардың алдыңғы қатарынан табылатын ақсақалдарымыз «Көркемөнерпаз шеберлері» облыстық байқауынан 3-ші орынды иеленсе, «Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастырған спартакиададан бас кубокты жеңіп алған. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ардагерлері басқарма қызметкерлерімен бірігіп, әлеуметтік жұмыстарға да араласуда. Қызметкерлердің қайырымдылық негізінде жинаған қаражатқа әлеуметтік жағдайы

төмен Жылыой ауданының тұрғындарына қамқорлық көрсетуге атсалысуды да әдетке айналдырып отыр. Басқарманың ғана емес, ауданның да барлық мәдени шараларына белсене қатысып жүрген ақсақалдар «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан көрсетілетін көмекке ризашылықтарын да жасырмады.

– Жыл сайын емдеу – сауықтыруға берілетін қаржылай көмектермен қатар, мерейжасқа келгенде беретін көмектері де – ерекше мақтаныш, – дейді аталмыш кеңестің 2013 жылдан бергі төрайымы Исаинова Мұстахима Малашқызы.

«Ақсақалы елдің болмаса, жастары болар диуана» деген екен қазақтың дауылпаз ақыны Махамбет Өтемісұлы. Жас өседі, ұрпақ жаңарады. Өскен жастың өрісін тарылтпай, жаңаға жол ашып, жақсыға тілектес болудан артық қандай абзал азаматтық болуы мүмкін? Осы орайда ұрпақ сабақтастығы үзілмесін деп, жас мамандарға арнайы кеңестерінде аямайтын «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ардагерлер кеңесі жастармен кездесулерді назардан тыс қалдырмай келеді. Басқарманың болашағына қатысты сан алуан мәселелерді талқылап отырады екен. «Ортақ абырой – басқарма қуаты» деген ұранды ұстанған ардагерлеріміз зейнеткерлікте отырып та, қоғамдық шараларға әлі де белсене атсалысатындықтарын жеткізді.

Қарияларымыз – қазынамыз бар, демек, тұғырымыз биік, туымыз жоғары болатынына күмән жоқ. **Е**



## Мұнайшы әйелдер «династиясы» немесе мамандыққа адалдық

*Ембі өндірісінің тұрақты дамуының бір тетігі – мұнайшы әулеттерінің қалыптасуында. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ үш және одан да көп ұрпақтары мұнайшы мамандығын таңдаған жиырмадан астам мұнайшылар әулетінің өкілдері еңбек етуде. Атаның ісін бала жалғастырып, елдің өркендеуіне үлестерін қосып жүрген мұнайшы әулеттері жайында жиі айтылып жүр. Бүгінгі біздің әңгімеміз ана жолын жалғастырған мұнайшы әйелдер династиясы жайында болмақ.*

Бізді таңқалдырғаны, Ембіде мұнайшылықты кәсіп етіп, кейін бұл кәсіпті игеруді қыз-жиендерінің бойына дарытқан аналар баршылық екен. Солардың бірі қазыналы өлкедегі кеннің игерілуіне өзі де куә болып, өзгелерге де үлгі бола білген Қайша Ильясованың мұнайшылық кәсіпке ден қоюы 1945 жылдан бастау алды.



Қайша Ильясова

### Нағашы әжесі жайында

– Нағашы әжем Қайша Ильясова 1905 жылы маусымда Қосшағыл елді мекенінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Үш қызды дүниеге әкелді. 1944 жылы «Макатнефть» мекемесіне қарасты Қошқар кен орны ашылып, Ұлы Отан соғысы аяқталған тұста әжем еңбек жолын осы кен орнында мұнайшыдан бастаған. Кейін денсаулығына байланысты жұмысты қойып, оның орнына 18 жастағы қызы, яғни, анамның апасы Қарашаш Сейтекова ізбасары ретінде жұмысқа кірісті, – дейді «Доссормұнайгаз» МГӨБ геологы Валя Табнаева.

Аз уақыт қызмет етсе де, «қара алтын» өндірудің қыр-сырын меңгеріп үйренген Қайша Ильясованың еңбегін көріп өскен қыздары да осы салаға бет бұрады.

### Анасы туралы

Ана жолын екінші қызы Сұлу Қожбанова (Валының анасы – ред.) да жалғастырады. Балалық шағы осы Қошқар поселкесінде ауылдық жерде өткен Сұлу 8 жылдық мектепті бітіріп, 9-10-шы сыныптарды Доссор поселкесі Абай мектебінен тәмамдады. 1959-1962 жылдар аралығында Қошқар поселкесіндегі балабақшада алғаш еңбек жолын тәрбиеші болып бастаған.

Кейін Қошқар кен орнында механикалық шеберханада жонушы болып қызмет еткен. 1975-1992 жылдар аралығында жерасты су айдау цехында 2-разрядты оператор міндетін атқарған. 11 баланы дүниеге әкелген «Батыр ана» («Мать героиня») медальмен марапатталған және «Алтын алқа» иегері атанып, 1992 жылы зейнеткерлікке шықты. Қазіргі таңда Ақтау қаласында тұрып жатыр.



Сұлу Қожбанова

### Өзі жайлы

Валя Сүйеуғалиқызы 1963 жылы Қошқар поселкесінде дүниеге келген. Доссор поселкесінде С.Шәріпов атындағы орта мектебінен 1980 жылы бітіріп, ана жолымен сол жылы «Макатнефть» басқармасына қарасты балабақшадан еңбек жолын бастады.

– 1983 жылы Қошқар кен орнында зерттеу тобының 2-дәрежелі операторы болып жұмысымды жалғастырдым. Анамның жолын жалғап, мен де 1987 жылы Алматы қаласында В.И. Ленин атындағы политехникалық институтында дайындық курсын оқып, 1993 жылы «Тау-кен инженері» мамандығын алып шықтым. Ауылға оралып, Қарсақ кен орнында зерттеу тобында 3-дәрежелі оператор болып еңбекке араласып



Валя Табнаева

кеттім. Кейінгі жылдары Доссор кен алаңында 3-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің экономисі, ал, 2002 жылдан бері геолог болып жұмысымды жалғастырдым, – дейді Валя Табнаева.

Айта кетейік, аталған басқармада әріптесіміздің еңбек өтілі 40 жылды құрайды.

### Қызы жөнінде

22 жастағы Жансая Нұрбаева 9 сыныпты бітірген соң Малайзияда «SEGI University Colledge» оқу орнын «Бизнес-әкімшілік» мамандығы бойынша оқуды тәмамдады.

Елге оралған соң 2018 жылдың наурыз айында «Lango» шағын мекемеде ағылшын тілінен сабақ жүргізді. Ал, өткен жылдың маусым айынан бастап «Теңізшевройл» ЖШС-нің мердігер мекемесі саналатын «Құлагер» ЖШС-де қызметкерлерді басқару бөлімінде аудармашы қызметін атқарып, вахталық негізде еңбек жолын жалғастыруда.



Жансая Нұрбаева

**Р.С. Мұнайшы әулеттерінің Ембі өндірісінің дамуына қосқан еңбектерінің арқасында ұрпақтар сабақтастығы қалыптасып, мол тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда, жастар арасында мұнайшы мамандығына мақтаныш сезім тәрбиеленуде. Жоғарыда атап өткеніміздей, Қайша Ильясованың мұнайшылық кәсіпке ден қоюы 1945 жылдан бастау алады. Содан бері қызы, жиені, жиеншары ізін абыроймен жалғастырып, 75 жылдан астам уақыт бойы үзбестен ел игілігі үшін аянбай еңбек етуде. ■**



## Заманауи бала тәрбиесі – жанұя бірлігі


«Ембімұнайгаз» АҚ-ғы «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен «Заманауи бала тәрбиесі – жанұя бірлігі» атты кездесу өтті. Компанияға қарасты барлық басқармада нәтижесін тапқан аталмыш шара Атырау қаласында қорытындыланды.

ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова жиналғандар алдында сөз алып, бұл шараның мәніне тоқталды.

– Бүгінгі таңда отбасылық құндылық – өзекті тақырыптың бірі. «Ембімұнайгаз» АҚ жанынан құрылған «Мұнайшы қыз» клубы осы тақырыпты кеңінен насихаттау мақсатында тұрақты түрде шаралар ұйымдастырып келеді. Бұған дейін мұнайшы қыздар арасында отбасындағы сыйластық, жанұя бірлігі, ұлттық құндылық тақырыптарында бірқатар кездесулер ұйымдастырылса, бүгін осы мақсатымыздың жалғасы «Заманауи бала тәрбиесі – жанұя бірлігі» атты кездесу өз нәтижесін тауып отыр.

Бір аптаға созылған аталмыш шарада біз Компанияға қарасты барлық еңбек ұжымын қамтуға тырыстық. Бүгінгі қорытынды кездесуіміз «Ембімұнайэнерго» мен «Өндірістік – техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармалары мен Орталық басқару аппаратының ұжымымен өтуде, – деп атап өтті өз сөзінде Рысты Нұрғалиқызы.

Жанұя татулығын насихаттау, ұлттық құндылықтар мен рухани байлықтың мәнін аша түсу мақсатындағы шарада ембілік қыздар өз ойларын ортаға салып, кездесу барысы ашық пікірталасқа ұласты. Кездесудің спикері, Алматы қаласынан арнайы шақырылған халықаралық деңгейдегі бизнес тренер Бахыт Жумакаева шара барысында өзі бірнеше жылдан бері жүргізіп келе жатқан зерттеу жұмыстарының деректерін келтіре отырып, тақырып көтеріп отырған өзекті мәселені жан-жақты ашуға тырысты. Ажырасудың көбеюі, оның себеп-салдары мен алдын алу жәйттары да айтыла кетті. **Е**



## Уақытты жоспарлау тиімді

**Бос уақыт туралы ұзақ айтуға болады. Мен жұмыстан кейінгі уақытымды тиімді пайдаланып, үйдің күйің тіршілігінен тыс өзіме уақыт қалдыруға тырысамын. Өз-өзіңе уақыт бөлу – өзіңе деген құрмет деп түсінемін.**



Әрине, уақытымның дені жұмыста, әріптестерімнің арасында өтетінін жоққа шығармаймын. Дей тұрсақ та, тапшы уақыттың өзін тиімді жоспарласақ, бәріне де қол жеткізуге болар. Қысқасы, мен уақытты өткізу бойынша

алдын –ала жоспар құрып тастаймын. Ауысымдық әдіспен еңбек етемін. «Қайнармұнайгаз» басқармасының Кенбай кен алаңында мұнай дайындау және айдау цехының химиялық талдау лаборанты болып еңбек еткеніме 24 жыл болды. Ауысымдық әдіске де төселіп алдық. Ұжымда негізінен қыз-келіншектер. Татумыз, ұйымшылмыз. Жұмыс орнында татулық орнаса, жұмыстың қиындығы да байқалмайды екен. Шынын айту керек, кей кездерде 14 күн жұмыстың қалай өткенін байқамай да қаламыз.

Жұмыстан кейінгі демалыс уақытымды ұлыммен бірге өткізуге тырысамын. Ұлым шет елден жоғары білім алды, бүгінде шет елдік компанияда аудармашы болып еңбек етуде. Айтайын дегенім, оның да мен сияқты бос уақыты тапшы, тапшы уақытты жоспарлап қояды.

Екеуіміздің қызығушылығымыз бірдей, біз кітап оқығанды жақсы көреміз. Көркем шығарма оқимыз, І.Есенберлиннің, М.Мұқатаевтың шығармашылығын оқығанды ұнатамыз. Сосын, пікір алмасамыз. Меніңше, өте тиімді демалыс.

Өзім бос уақытымда жаяу жүргенді ұнатамын. Таза ауада серуендеу – көңіл-күйді көтерудің бір жолы. Ал, көтеріңкі көңіл-күй – сұлулықтың басты кепілі. Әрине, осы жерде сұлулық сырт келбетте емес, ол ішкі үйлесімділік

те деушілер де табылар. Орынды пікір. Ішкі жан-дүниені тыныш болса, сыртқы келбетің де жарасымды. Ол үшін көп нәрсеге жеңіл қараған да жөн-ау. Мен «қатып қалған ережемен» жүргендерді түсінбеймін. Тіпті тағам дайындағанда да рецепттен шықпайтын әйел адамдарды көргенде «неге қиындыққа әуес екен» деп ойлаймын. Өзім тағам дайындарда көз мөлшерге сүйенгенді жөн көремін. Көңіліңіз нені қаласа, соған мойын бұрыңыз. Қиын шаруаның жеңілдеп сала бергенін байқамай да қаласыз.

Салонға анда-санда бас сұққанды да дұрыс көремін. Қолданыста «шарм» деген сөз бар. Аудармасы жоқ-ау деймін. Әр адамның өзіндік «әшекейі» десем дұрыс болар. Міне, мен сол шармды көрсете білген адам –нағыз сұлу жан дер едім. Ал, сұлулық ұғымын әркім өзінше түсінеді. Сіз қазір мені өте жақсы түсініп отырсыз... Ең бастысы, сұлулық деген ұғым тиімді өткен уақытпен өте тығыз байланысты. Тиімді өткен уақыт сізге үлкен қуаныш сезімін сыйлайды. Өмірдегі әсемдікке қуана білген адам – сұлу жан. **Е**

**Гүлия КУБЕКОВА,**  
**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының химиялық талдау лаборанты.**

## Біздің мердігерлер

## Аспазшы аруларға алғыс шексіз

Өндірісте еңбек ету – аса күрделі қызметтердің бірі. Қарап отырсақ, өміріміздің жартысы далада, үй-күйден оқшау өтіп жатқаны ақиқат. Осы орайда, «Ас – адамның арқауы» дегендей, мұнайшылардың мерейін өсіріп, аялы алақандарынан дәмді асын ұсынып жүрген абыройлы, ақжарқын аспазшы аруларымызға газет бетінде алғыс айтуды жөн санадым.

Жалпы менің мұнайлы кеніштерде медбике болып жасағаным биыл 20 жыл толмақ, соның ішінде, Ақінген кен орнында – 13 жыл. Сондықтан, бұл жердегі адамдардың психологиясы, ортада өзін ұстауы, қарым-қатынасы бәрі аян. Қазіргі алмағайып заманда адамдардың тіл табысып жүруі, кішіпейілділігі, мәдениеті, адалдығы еңбек ұжымында ең маңызды қасиет саналады.

Ақінген кен орнындағы бас аспазшы Айман Иманбаева – осы саланың білімді де, білікті маманы. 1984 жылдан мұнайшыларды дәмді тағаммен қамтамасыз етуді сүйікті ісіне айналдырған. Соңғы 3-4 жылдан бері – Ақінген кен орнында еңбек етіп келеді. Жұмысшылармен мәдениетті түрде араласуды нағыз кәсіби ұстанымына айналдырған.

Асхана іші үнемі таза, ас мәзірлері дәмді. Аспазшылар арасында байқауда II орынды иемденіп, бұдан басқа да бір-



неше марапаттарға қол жеткізген. Бір сөзбен айтқанда, аспазшылар қызметі ақынгердік мұнайшылар көңілінен шығып жүр.

Сондай-ақ, 2011 жылдан бері кен орнында наубайханашы және ыдыс жуушы Нұрсұлу Ермекова өте ширақ қимылды, ұқыпты, мұнайшыларға ашық-жарқын кейіппен қызмет етеді. Бір артық дауыс шығарғанын естімейсің. Оның қолынан дайындалған жұмсақ бауырсағы және басқа түрлі ұн тағамдарының дәмі тіл үйіреді. Ал, үнемі көзі күлімдеп, таза пейілімен көңіліңді баурап тұратын Жанар Есеналиева 2010 жылы Кендірлі демалыс орнында өткен облысаралық аспазшылар байқауында жүлделі I орынды алған. Бірнеше рет «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басқармасынан, «KMG EP-Catering» ЖШС-нан сан мәрте мақтау қағаздары мен Алғыс марапаттар алған.

Үнемі көңілімізді аулап, сапалы түрде мұнайшыларға қалтқысыз қызмет етіп жүрген тәжірибелі аспазшы аруларымызға зор алғыс білдіре отырып, «мерейлерің өсе берсін» демекпіз! **Е**

**Жаңыл БАЕДІЛОВА,**  
**Ақінген кен орны медбикесі.**



## Наурыз келді күн игі!

**Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурызды тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан келе жатыр. Осы мерекеге ұқсас мейрамдар Латын Америкасында, Африка елдерінде және Үндістандағы «Холи» мерекесі мен славян халықтарының «Масленицасына», бирмалықтардың «Су мейрамына», хорезмдіктердің «Наусарджи», буряттардың «Сагаан сара», армяндардың «Навасарди», чуваштардың «Норис ояхе» мерекесіне ұқсатуға болады. Осы орайда, Наурыз мейрамын мемлекеттік деңгейде тойлайтын елдердің ерекшеліктеріне тоқтала кетейік. қалай аталады? Нақты қай күндері тойлайды және дастарханға қандай тағамдар қойылады?**

### ИРАН

Ноуруз – деп атайды. Ирандықтар бұл мерекені мұсылмандар күнтізбесі бойынша көктемнің бірінші күні, ал, Григориан күнтізбесі бойынша 22-і тойлайды. Наурыздың 20-нан бастап 13 күн тойланады. «Хафт-Син» – міндетті түрде жеті түрлі тағам дайындалады. Ирандықтар осы мейрам басталмай, әркім өз үйін тып-тинақтай етіп жуып тазалайды екен. Олар оны – ханетакани деп атайды.

### ӨЗІРБАЙЖАН

«Новруз байрам» деп атайды. Наурыздың 20-нан бастап 5 күн қатар тойланады. Негізінде 21 наурызға дейін төрт апта бұрын тойлау басталады. Дастарханға міндетті түрде жұмыртқаны айнаның үстіне қояды. Жұмыртқа бір жағына домалаған кезде, соны жаңа жылдың келуі деп санайды. Әрбір үйде дастархан үстінде міндетті түрде бидай тұқымынан өсірілген дақылдар қойылады.

### ТӘЖІКСТАН

«Навруз», «Бәйшешек», «Гүлгардон», «Гүлнавруз», «Хадир айиам», яғни, «үлкен мереке» – деп атайды. 20-21 наурыз аралығында демалыс күндері. Наурызды достықтың кілті және тіршіліктің оянуы деп санайды. Дастарханға тәтті сумақ асы қойылады. Оны бидай өнімінен дайын-



дайды. Ерлер арасында «бузкаши» (қазақтың көкпарына ұқсас) ойыны өткізіледі.

### ӨЗБЕКСТАН

«Навруз» – деп аталады. Ресми түрде тек 21 наурыз демалыс күні, алайда, бұл мереке 13 күн бойы тойланады. Олар 13 күн бойы істеген игілікті ісі айдан-айға ұласып, жыл бойы жалғасады деп сенеді. Мерекенің алғашқы күндері түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Ал, тоқтықтың белгісі ретінде мейрам күндері әрбір үйдің дастарханына «сумөлөк» асы қойылады.

### ҚЫРҒЫЗСТАН

«Ноуруз» – деп аталады. Нау-

рыздың 21-і ғана тойланады. Жылдың алғашқы күнінде «ноуруз кеджә», «ауз кеджә», «кавут» ұлттық тағамдарын дайындап, Жаңа жылда бір-бірін көтеріңкі көңіл-күймен құттықтайды. Бұл күні алыс-жақын туыстар кең жайылған дастархан басында жиналып, бір-біріне ізгі тілектер айтады.

### ТҮРІКМЕНСТАН

«Новруз байрамы» – деп аталады. 21-22 наурызда тойланады. Наурыздың осы күндері ауыл шаруашылығы үшін жаңа жыл болып саналады. Мерекелік дастарханға бидай өнімінен ұлттық тағамдар әзірленіп, халва, тәтті нандар мен уыттан ботқа дайындалады. Нау-


рызда түркімендер бір-бірінің үйіне барып, қонақ болады, ал, жастар кешкі уақытта жаппай сауық-сайран құрады.

### АУҒАНСТАН

«Навруз» немесе «Жаңа жыл» деп атайды. 21-22 наурызда тойланады. Дәстүр бойынша Ауғанстанның солтүстік астанасы – Мазари Шариф қаласы Наурыз мейрамын тойлау «астанасына» айналады. «Хафт син» және «хафт мевә» (жеті жеміс түрі қойылады). Би фестивалі, спорттық жарыстар және әуе жыланынын ұшырады. Бұл күні ауғанстандықтар Кабулдағы Карт Сакхи мешітіне жиналып, әулие тудың көтерілуін тамашалайды.

### ТҮРКИЯ

Невруз («Newrouz», «Newrouz Baugram») деп атайды. Бұл күні көшелердегі саябақтарда от жағылып, адамдар лапылдаған жалынның үстінен секіреді. Оттың үстінен секірген уақытта адам бойындағы жаман энергиядан, ауру-сырқаудан арылады деп сенген.

Сирияда бұл мейрамды тойлауға тыйым салынған. Сонымен қатар, Ресей Федерациясындағы бірнеше республикаларды осы мереке кеңінен аталып өтеді. Қытайдағы қазақтар мен Ұйғыр автономиясы да тойлайды. 

## АНЫҚТАМА:

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, [blog\\_emg@emg.kmger.kz](mailto:blog_emg@emg.kmger.kz) электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ  
**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова  
Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы – 3500 дана.**

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

### Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова –

қызметкерлерді басқару

және еңбекке ақы төлеу

департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту

департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі.

### Баспахана:

«Реформа» баспаханасы

Мекен-жайы: Алматы қ., Ақбұлақ

м/а, Шарипов көш, 40 Б.

Байланыс телефондары:

+7 (727) 344 10 14,

+7 (727) 327 61 67

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі